



ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР! ҚЫМБАТТЫ ОҚУШЫЛАР, АТА-АНАЛАР

Сіздерді Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа тұс келген жарқын да қуанышты, айтулы мереке - Білім күнімен құттықтаймын!

1 қыркүйек - барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Өрбір адамның өміріне ерекше әсер қалдыратын бұл күн еліміздің барлық тұрғындарының басын біріктіріп, мектеп табалдырығын аттауға асыққан бірінші сынып оқушылары үшін үлкен мереке болмақ. Білім беру саласының материалдық базасын жақсартуға, мектептерді компьютерлендіруге, "IT кабинеттерін көптеп ашуға, сонымен қатар, мұғалімдердің еңбегіне лайықты еңбекақы төлеуге қаражат бөлініп отыр. Мұның өзі оқушылар мен ұстаздарға жасалған үлкен жетістік.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: "Қазіргі заманғы мектептердің салынып жатқаны-

на, қазақстандық оқушылардың халықаралық олимпиадаларда алтын медальдарды жеңіп алғанына мен мақтанамын. Мен қазақстандық балалардың жүзінен күлкі көрген кезде өзімді бақытты санаймын" деп бекерден-бекер айтқан жоқ.

Бүгінгі күні біздің балалардың бақыты үшін барлық жағдай жасалуда. Демек, Қазақстанның келешегі қамтамасыз етілуде. Ал, ХХІ ғасырдың азаматтарын тәрбиелеудегі басты рөлге мектептер және құрметті ұстаздар, Сіздер иесіздер. Былтыр да әлемді жайлаған індетке байланысты мектептерде білім алу штаттық режимге көшіп, қатаң санитарлық талаптар сақталып отыр. Барлық пәндер дәстүрлі форматта өткізіліп, қашықтан оқыту қолға алынған болатын. Бұл орайда пандемия жағдайындағы ұстаздардың баға жетпес еңбектері үшін, жанкешті

жұмыстарыңыз бен кез келген уақытта балаларымызға тіреу болуға деген ізгі ниеттеріңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін.

Алғашқы қоңырау үнімен бірге, әр адам өмірінің жеке тұлға және азамат ретінде қалыптасу кезеңі басталады. Биылғы оқу жылында шәкірттеріміз сақтық шараларын сақтай отырып, мектепке барып білім алуға көшіп отыр. Жаңа оқу жылы сіздер үшін жаңа бастамалар мен жақсы оқудың жылы болсын!

Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күйі, жаңа жетістіктер мен шығармашылық табыс, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін!

Елдос СМАҒҰЛ,
аудандық білім бөлімінің басшысы.

Көне жәдігер ізімен




СУСЫН ҚҰЮҒА АРНАЛҒАН ОЖАУ

Ожау - қымыз, айран, сүт, сусын құюға қолданылатын ыдыс. Шұңғыл бөліктен және қолға ұстауға ыңғайлы саптан тұрады. Ожау ағаштан және металдан жасалады. Ағаштан жасалған түрлері б.з.б. 2

ағаштардан (тораңғы, емен, тағы басқа да ағаштардан) ойып дайындаған. Кейде ожаудың сабына ою-өрнектер салып, әсем безендірілген түрлері де бар.

Бүгінгі күні аудандық музей қорынан орын алған



ғасырымыздан бастап қолданыла бастаған.

Дәстүрлі қазақ қоғамында дастарханның шырайын келтіретін мүлік ретінде ерекше бағаланған. Оны қазақ шеберлері әр түрлі

ағаш ожауды 2003 жылы Шет ауданы, Қарабұлақ ауылының тұрғыны О.Жабаев әкеліп, тапсырған болатын.

Материаль: ағаш.
Өлшемі: 7x45 см

30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні

АТА ЗАҢ - ЕЛДІГІМІЗДІҢ ЕҢСЕСІ

Қасымханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы, Өз Тәукенің жеті жарғысы - қазақ тарихында жазылмаған дала заңы. Сайын даланың төсін еркін жайлаған қазақтай ұлттың ұлылығы сол, тарау мен бабы болмаған дала заңына бабаларымыз бұлжытпай бағынды. Ал, балалары бүгінде егемен елдің Ата Заңын қастер тұтып, зор құрметпен қарайды. Өйткені Ата Заң - ең қасиетті, ең құнды және мемлекеттің басты құжаты.

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат - Конституция. Еліміздің Ата заңы халқымыздың дербес ел болуды армандаған, мүддесін заң тілінде айшықтаған, жер шарына, адамзат ғаламына «Қазақстан» деген мемлекет бар екенін паш еткен ерекше құжат. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Қазақтан Республикасының Конституциясы - мемлекетіміздің іргесін нығайтудағы қарашты қадамдардың қалыптасуы мен жаңа жүйенің орнығуына, саясат

сахнасында Қазақстан Республикасының қанат жаюы жолындағы бірден-бір бастаушы заң, серпінді сенім, әділет жолын көрсетер айшықты құжат.

1995 жылдың 30 тамызында қазіргі Негізгі Заң - Конституция қабылданды. Аталған Конституция қабыл-



данғанға дейінгі мерзім ішінде қазақ қоғамында конституциялық идеялар «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысында» көрініс тапқан. Бұл қазақ хандығы құрылысының саяси-өкімшілік, әскери рухани және сот істері жөніндегі негізгі заң сипатындағы төрт тұғыр екендігі байқалады.

Конституция мемлекетіміздің тарихи дамуының негізгі ретінде ғана танылып қоймай, ол барлық заңдардың бастауы болып табылады.

Еліміздің осы негізгі Заңы уақыт сынынан сүрінбей өтті.

Оның негізгі қағидалары барлық халықаралық стандарттарға сай келіп, қоғам мен мемлекетті дамытудың осы кезеңдердегі ең жетілдірілген үрдістерімен үйлесім тапты. Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайту және экономикалық реформаларды жүргізудің басты құралына айналған бұл Ата Заң адамдардың барлық азаматтық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ете отырып, олардың өздерінің мемлекеттің сенімді қорғауында екенін терең сезінулеріне жағдай туғызды. Осы арқылы қазірде бүкіл қылмыстық-құқықтық саясатты ізгілендіру үрдісі де жүзеге асырылуда.

Біздің міндетіміз Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны қатаң ұстану. Басты талап - Ата Заңымыз, Конституцияны құрметтеп қорғау, оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау республикамыздың әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс. Ата Заңымыз жарқын болашаққа апаратын айқын жолымыз, арқа сүйер асқар тауымыз, ардағымыз, айбарымыз.

С.СӘКЕНОВ,
Шет ауданының №2 аудандық сотының төрағасы.

ВАКЦИНА АЛЫП, ЖАҚЫНДАРЫМЫЗҒА ЖАНАШЫР БОЛАЙЫҚ




20 ғасырда вакцина алғанға дейін **300 миллионнан** астам адам шешектен қайтыс болды




1994 жылдан бастап полиомиелитке қарсы вакцина егіле бастаған соң АҚШ, Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия "ата-аналардың қасіреті" деп аталып кеткен аурудан құтылды



Вакцина ойлап табылғанға дейін қызылша жылына орта есеппен **2 млн 600 мың адамның** өмірін қиятын



Соңғы жылдары АҚШ пен Еуропада қызылшамен ауыру көрсеткіші қайта артып отыр, оған себеп - әлеуметтік желілерде кеңінен тараған "вакцинаға қарсы" адамдардың пікірі



1 қыркүйек - Білім күні

ҰСТАЗ - ҰЛЫ ТҰЛҒА

Ұстаз болу - жүректің батырлығы,
Ұстаз болу - сезімнің ақылдығы.
Ұстаз болу - мінездің күн шуағы,
Ұстаз болу - адамның асылдығы.

Дүниедегі мамандық атаулының төресі - ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ шығар. Ұстаз берген тәрбие өрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, жұмысшы да, егін салған диканшы да, мал баққан шопан да, аспан көгіне ұшқан ғарышкер де бәрі осы ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

Дана халқымыз «Ұядан не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» демекші, қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтан қоғам дамуында білім беру ең маңызды мәселе болып табылады. Бүгінгі жаңашыл ұстаз Мешелова Салтанат Тілеукешқызы 1973 жылы маусым айының 28

жұлдызында Ақадыр ауданының «Ақбұлақ» ауылында дүниеге келген. 1990жылы Салтанат Тілеукешқызы 11 жылдық орта мектепті үздікке тәмамдап, сол жылы Қарағанды қаласындағы жоғарғы оқу орнына түседі. Жоғарғы оқуды ойдағыдай аяқтап, одан әрі Омбы қаласындағы жоғарғы оқу орнында «Педагогикалық білім» мамандығын алып шығады. Алғашқы еңбек жолын Ақжал негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі қызметінен бастаған ол кісі бүгінгі күнге дейін педагогикалық еңбегі үздіксіз жүріп отырған ізденімпаз, жоғары деңгейдегі ұстаз осы білім ордасында табаны аумап еңбек етуде. Отбасында аяулы жар, ардақты ана атанған Салтанат екі ұл тәрбиелеп, бақытты ғұмыр кешуде.

Білім берудегі басты көрсеткіш ол мұғалім. Сондықтан ұстаз шығармашыл, мәселелерді жан-жақты шеше алатын, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға болуы тиіс деп ойлайды. Осындай қасиеттерді өз бойынан табылғанын қалайтын жан. Еңбегінің жемісі бірнеше жетістіктермен көрініп, бағаланған жоғарғы білімді, өзінің кәсіби мамандығы бойынша аудан, облыс, республика көлеміндегі байқауларда марапаттарға ие болды. Ұлы ағартушы ұстаз-Ахмет Байтұрсынұлы «Білім-бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді» деген қанатты сөзін санасына сіңірген Салтанат Тілеукешқызы қиындығы мен



қызығы жетерлік, ең бастысы жауапкершілігі жоғары ұстаздық жолды тандағанына еш өкінбейді. Себебі, «Еш нәрседен хабары жоқ тарыдай ғана бүлдіршінің бойына білім нәрін сеуіп, бәсекеге қабілетті тұлға етіп шығару міндет», - деп біледі. Еңбегімен еленіп, бақытын еңбекпен тапқан маман жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеуде аянбай тер төгуде. Осы салада еңбек ете отырып, мынадай жетістіктерге жетті. Мәселен 2015 жылы «Абайдың өмірі мен шығармашылығы» тақырыбында өткен ашық сынып сағатында алғыс хат алса, осы жылдары «Үздік оқыту сабағында» III дәрежелі диплом, «Бастау» математикалық турниріне оқушы дайындағаны үшін алғыс хатқа ие болды. 2019 жылы Шет ауданы әкімдігінің алғыс хатымен марапатталды. 2020 жылы «VII Халықаралық пән олимпиадасына оқушы дайындағаны үшін Алғыс хатпен

марапатталса, 2021 жылы «Қазіргі білім беру жүйесінің заманауи контексті жағдайында Қазақстан республикасының үздіксіз білім беруі» Б.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысқаны үшін арнайы сертификатқа ие болды. Өткен жылдары «ZIAT» конкурсына жетекшілік еткені үшін алғыс хат алса, оқушылар байқауында шығармашылық шабыттың аша білгені үшін алғыс хат, 2018 жылы қазақ тілінен өткен интернет олимпиадасында I дәрежелі диплом, 2019 жылы «Абай - дана, Абай-дара қазақта» атты балалар мен жасөспірімдер байқауына қатысып, Құрмет грамотасына ие болды. 2019 жылы «Ұлы дала ұрпағы» атты шығармашылық байқауда алғыс хат, 2020 жылы «Ұлы дала мұрасы» атты Республикалық өнер байқауында Құрмет грамота, 2020 жылы «Ақын- халықтың жүрегінде» шығармашылық және өнер байқауында Құрмет грамотасымен марапатталды. 2021 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында X ашық аймақтық «Туған соқпақтар» виртуалды саяхат байқауына жеңімпаз дайындағаны үшін алғыс хат» алды. Ал, осы жылы жалпы білім беретін мектептердің мектепке дейінгі мекемелердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылар арасында Республикалық байқауында білім алушыларға ұлы ақынның шығармашылығын дәріптеу, ұлтжандылықты тәрбиелеу, дарынды балаларды анықтау және оларға қолдау көрсетуге қосқан үлесі үшін алғыс хат алса, «Үздік

жетекші» атты номинацияны жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі қосқан үлесі мен шәкірттер тәрбиелеп жүрген ерен еңбегі үшін дипломға ие болды. Ал, биылғы жылы үздік педагогикалық идеялық байқауда «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқушыларды ғылыми жоба жазуға үйрету» тақырыбы бойынша авторлық бағдарлама ұсынып, облыстық I дәрежелі дипломмен марапатталды. Айта берсе ұлағатты ұстаздың қол жеткізген жетістіктері атап айтарлық. Әрине мұның бәрі ұстаз еңбегіне берілген үлкен баға.

Салтанат Тілеукешқызының ұстаздық еңбек жолында жүргеніне биыл 13 жыл болыпты.

«Ұстаз жолы - ұлы жол» демекші, оқушыларға жан жақты сапалы білім беріп, сол оқушыларымен бірнеше жетістіктерге жетіп жатыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр», - деген еді. Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату - екінші бірінің қолынан да келе бермейді. Сондықтан, ұстаз болу - жүректің батырлығы деп бағалауға болады. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық жолыңыз тек өрлеумен өсуге бастасын демекші.

Мақпал ЕРКЕБЕКОВА,
кент әкімдігінің маманы.
Ақжал кенті.

Тәрбие сағаты

МЕН ЖҮРГІЗУШІ БОЛАМЫН

Жуырда көлік қызметкерлер күніне орай Ақадыр кенттік балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Мен жүргізуші боламын» атты тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағатының мақсаты - оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Жұмыстың мазмұнымен, мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңда білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Білімділік - оқушылардың білім шыңына талпынуда алғашқы қадам жасаулары үшін бойларында қандай қасиеттер болу керек, неге бейімделу керектігі жайлы ойларын білу, болашақта мамандық таңдауына ықпал ету, ой бөлісу болып табылады.

Іс шара басталмас бұрын кітапхана ауласына әр түрлі көлік туралы және де жол ережелері туралы кітаптар топтастырылып қойылды. Мамандықтың бәрі жақсы. Әрине бұл орайда жас жеткіншектер өз таңдауларын жасаулары қажет. Олар



жүргізуші боламын деген тақырыппен өткізіліп жатқан іс шара барысында көлік айдауға қызығатынын, болашақта жүргізуші болсам деген армандарын да айтып қалды. Сонымен қатар, әр түрлі көліктер жайлы жазылған ақпарат жайында кітаптарды оқып, танысты.

Кітапханада өткізілген тәрбие сағатына кенттік жол полициясы бөлімінің қызметкерлері арнайы шақырылды. Олар оқушыларға көлік айдаудың қыр-сырын түсіндіріп, жол ережелерімен

таныстырып, жолда әркез абай болуларын айтып өтті. Қызығалықты өткен іс шарада оқушылар келген мамандық иелеріне көкейдегі сұрақтарын қойып, өз ойларын айтты.

Алдағы уақытта кітапханамызда мәні зор іс шаралар жалғасын таба бермек.

Н.ҚАЛИЖАН,
Ақадыр кенттік балалар кітапханасының менгерушісі.

Ұстазым - ұлағатым

БОЛАШАҚҚА ЖОЛ АШЫП,
АҚЫЛ БЕРДІҢ

Асқақ арман көңілдің гүл сезімі,
Ардақтаймын білім берген ұстазымды.
Болашаққа жол ашып, ақыл бердің,
Толықтырып санама білім құйдың.

Аяулы ұстаз білім беріп өсірген,
Қатемізді әркезде де кешірген.
«Өмір жолы-қиын жол» деп әрдайым,
Тәрбие беріп, ақ жол бізге сілтеген.

Жан біткен жанарына нұр сыйлаған
Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.
Шын жүректен ризамыз біз сіздерге,
Бақыт құсы қонақтасын төріңізде.

Белгілі бір тұлғасың біздер үшін,
Жол көрсетер болашаққа алдағы.
Жаралған жақсы үміт пен мұраттардан,
Жатталсын есімдерің әр жүрекке.



Аяла ӘЛҒАЗЫ,
Жарылғап батыр ауылы.



Жақсының аты өлмейді...

МАҚСАТ ҚОЙЫП ОҒАН ЖЕТУ АДАМНЫҢ ӨЗІНЕН

Әр халықтың болмасын өзінің атадан балаға мирас болып, ұрпақтан ұрпаққа жеткен, көзінің қарашығындай сақтап, халық қазынасына айналған ұлттық мұрасы болады. Көркем сөз дегеніміз - эстетикалық мәні күшейтілген, әсерлі, бейнелі сөз. Халқымыздың дарасы, данасы ұлы ақын Абай атамыз: "Өлең - сөздің патшасы, сөз

ымен аудандық кітапханаға бардым. Кітапханашы апаймен сұхбаттасып, маған берілген материалдарды зерделеуге кірістім. Дәулет Ырысбайұлы 1964 жылы қарашаның 14-ші жұлдызында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кеншоқы ауылында дүниеге келген. 1972 жылы Нұра орта мектебіне 1 сыныпқа қабыл-

қалды. Оқушы кезінен қаламға үйір болып, шағын өлеңдерді мектеп қабырғасында жазуды бастайды. Алғашқы өлеңдерін анасына, әкесіне арнайды.

Махабаттың тармағы көп тараған, Махабаттан нәр алған ғой бар адам. Баласы үшін барын беріп жүретін, Ұлы махабат басталады анадан.

Әр сөзін тағдырыма жақын айтқан, Әкелер ақынға да ақыл айтқан. Жақсы өскенің өзіне абырой деп, Сүйе тұра пікірін, батыл айтқан.



сарасы" деген. Ежелден қазақ халқы өлең сөздің қасиетіне бас иіп, оны өнер атаулының ең биік шыңына балаған. Болмысты әсерлеп, өрнектеп бейнелеу құралы, яғни орыс жазушысы М. Горький айтқандай "Әдебиеттің ең бірінші элементі". Көркем сөз әдебиет негізін құрап отыратын мәңгілік мұра.

Көркем сөздің қадірі мен құдіретіне арналған қазақ халқының талай даналық ойлары, мақалдары мен мәтелдері бар. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасының негізгі басылымдықтарын насихаттайтын алты арнайы жоба бар, соның бір тар-

данады. 1982 жылы орта мектепті аяқтады.

1983 жылы көктемде әскерге алынады. Украинаның Запорожье қаласында Отан алдындағы әскери міндетін, ер жігіттік борышын атқаруға аттанады.

1985 жылы Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Студенттік шақтағы шығармашылығын шыңдауға зиялы ортаның әсері де тиеді. Студент кезінде өнерге құлшыныс білдіріп, өлеңдерін оқып, мүшайраларға қатысумен қатар айтыстардан айтулы салдарымен де көріне біледі. Осы оқудың жанынан

Ал, "Қарағанды вальсі" мені керемет қызықтырды, тіпті мен оны үйреніп те алдым. "Қарағанды вальсі" өлеңінің шығу тарихына үңілетін болсақ, ақынның студенттік, жастық өмірі осы Қарағанды қаласымен байланыста болған, сол себепті Қарағанды қаласы ақынның шығармасына арқау болған. Мұндай сүйіспеншілікті өлеңде жазылған сөздерінен байқаймыз, яғни ырғағы мен ұйқасы бір қалыпта, шумағы мен бунағы нақысты сөздер тізбегінен құрылған. Ақын Қарағанды қаласын Ақбөккенге, еліктей жас қалаға теңегені байқалады. Осы өлең жолдарынан ақынның сөздік қорының байлығын, табиғатқа, өз еліне, өлкесіне деген сүйіспеншілігін байқауға болады. Қазақ өлеңіне өз дауысымен үн қосып, "Қара Дәулет" атанған ақын.

Қазақтың ұлттық болмысын баршаға бағамдатып, паш ететін рухани асылы ғасырлар бойғы жасаған поэзиясы. Өлең өлкесінде елінің көркем талғамын өрнектеп жүрген Дәулет ағамыздың шығармашылық ғұмыры қысқа болды.

Зерттеу жұмысымда ұсынылған тұжырымымда «Білгім келеді» деген бағаны бойынша қорытынды жасағаным: ақын жайлы зерттеулер аз, ақынның ақындық қасиеті баласына ауса, ақынның өлеңдерін белгілі күй өнерінің майталманы Ерлан Құжманов, өзінің ауылдасы Медет Осатаев, айтыскер ақын Дидар Қами орындап жүргендерін білдім.

Сонымен қатар менің білгенім, өлең ақынның кеудесін кернеп, жүрегің тербеген қуатты ойдың жемісі, ойды сырттай сұлу етіп өрнектеп, көркемдеп жеткізу үшін ақындық шеберлік, шалқар шабыт қажет.

**Ерхан БОРАШ,
Ж.Ақылбаев атындағы
мектеп-гимназиясының 7
сынып оқушысы.**



мағы «Туған жер» делінген. Олай болса осы арнайы жоба аясында туған өлкеміздің тарихын зерттеу біздер үшін берілген үлкен сый деп білемін. Бүгінгі күні зерттеу жұмысымын өзекті мәселесіне айналғалы отырған Шет өңірінің ақыны Сатибеков Дәулет Ырысбайұлының шығармашылығы мен өмірбаяны. Алға қойған мақсатым Шет өңірінің ақыны Дәулет Ырысбайұлының шығармашылығы мен өмірбаянымен таныса отырып, «Қарағанды вальсі» өлеңінің шығу тарихын зерделеу. Зерттеу жұмысымын мақсатына жетуде ең

құрылған «Балауса» орталығында өзінің бойындағы ақындық қасиетін шындай түседі. 1995 жылы оқу орнын аяқтайды. Ең алғашқы еңбек жолын мектепте ұстаздық етумен бастап, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде, телерадиокомпанияда қызмет атқарады.

1988 жылы Мереке атты жарымен шаңырақ көтереді. 2006 жылы наурыз айының 13-ші жұлдызында өңіріміздің ақыны Сатибеков Дәулет Ырысбайұлы 42 жасында өмірден өтті. Артында жары, екі қызы, бір ұлы, немерелері және өлеңдері мен елі сүйіп тыңдайтын әндері



Тәуелсіздік тірегі - Ата Заң

АЗАТ ЕЛДІҢ АЙБАРЫ

тарих табыстырған түрлі ұлт өкілдері Конституция қағидаттары төңірегіне топтасы. Еуразияның жүрегіне орналасқан Елордамыз өлемге руханияттың ірі орталығы, саясаттың іргелі ордасы ретінде танылды. Конституцияның даму тарихын саралағанда оның негізгі даму үрдісіне тигізетін әсеріне адамдық және азаматтық құқықтар мен бостандықтарға қаншалықты кепілдік бере алатындығына айрықша назар аударамыз. Өйткені, Конституция ең жоғары заңдық күші бар құжат ретінде бүкіл халықтың атынан қабылданды. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Конституциясының: «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы», - деп басталуы тегіннен-тегін емес. Түпкі мақсатымыз - еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, Қазақтың ұлы болып өркендеуіне жол ашу. Болашақ ұрпақтың жүзін жарқын ететін бұл мақсатқа біз асқан табандылықпен ел бірлігін сақтай отырып қана қол жеткізе аламыз. Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан Қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде өлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіл адамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығы қамтылғанын айғақтайды. Ата Заңымызды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде Отанымыздың бірлігі нығайып, елдегі тұрақтылық пен татулық орнықты. Жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Ал, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп айқындалды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бастан кешкен қиын-қыстау кезеңде де, қазіргі даму кезеңінде де Конституцияның ел өмірінің барлық саласында тура жол сілтеп, кемелденудің алтын арқауына айналғанын өмірдің өзі айқын дәлелдеп отыр. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі баянды болсын! Сіз бен біздің құқығымызды қорғап, ұрпақтарымызға жарқын жол сілтейтін Конституцияның әр заңдары мен талаптарына жауапкершілікпен қарайық. Қазақтың Ата Заңын құрмет тұтайық.

Мерейлі мерекеміз құтты болсын демекпін.

**Мақпал МАТАЙҚЫЗЫ,
кент әкімдігінің маманы.
Ақжал кенті.**

Сот органдарында

АПОСТИЛЬ ҚОЮ РӘСІМІ

Егер шет елге шығуға жиналып жатсаңыз, Сізге Қазақстанның сот органдарының ресми құжаттары қажет болуы мүмкін. Бұл құжаттар шетелде жарамды болуы үшін олар апостиль қою немесе консулдық заңдастыру рәсімінен өтуі керек.

Апостиль қою Гаага Конвенциясына қатысушы елдердің аумағында қолдануға арналған құжаттардың түпнұсқалығына және тиісінше ресімделуіне кепілдікті қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Консулдық заңдастырудан айырмашылығы, апостильде аз уақытты алады және апостиль қойылған құжаттарды бір емес, әртүрлі елдерде қолдануға болады.

Заңдастыруға кіріспес бұрын, біріншіден, бұл ел Гаага конвенциясының қатысушысы болып табылатындығын анықтап алу керек; екіншіден,

Қазақстан мен Сіз баратын елдің арасында ресми құжаттарды заңдастыру қажеттілігін жоятын қосымша келісім бар-жоғын біліп алу қажет. Мысалы, Қазақстан мен Ресей арасында 1993 жылғы 22 қаңтардағы Минск конвенциясы негізінде құжаттарды өзара тану әрекет етеді, сондықтан нотариалды аударманы дайындау жеткілікті.

Сондай-ақ, заңдастырудың ең дұрыс әдісін таңдау керек: апостиль немесе консулдық заңдастыру, бірақ заңдастыруды таңдаған кезде қабылдаушы тараптың аударуға қойылатын талаптарын ескеру керек.

Қызметті алу үшін келесі құжаттар қажет: өтініш (оның нысаны «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандартымен бекітілген); жеке басты куәландыратын құжат және оның көшірмесі; апостиль қою үшін ұсынылатын сот органдарынан шығатын ресми құжат; Сіздің мүдделеріңізді үшінші тұлға ұсынған жағдайда, нотариалды куәландырылған сенімхат; атыңыздың өзгергенін растайтын құжаттың көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасын ұсына отырып); мемлекеттік қызмет көрсету үшін мемлекеттік бажды төлегеніңіз туралы түбіртек.



көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық өтініш;

2) апостиль қою үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі);

3) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі, «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (әрі қарай - ЭҮТШ) арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);

4) көрсетілетін қызметті алушының тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) ауысқанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі, егер ауысым Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін тіркелген болса, құжаттың көшірмесі ұсынылмайды).

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу 2008 жылдан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген болса, жеке басты куәландыратын, тегінің, атының, әкесінің атының ауысқанын растайтын құжаттар туралы, сондай-ақ, бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Бұл үшін көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу 2008 жылдан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген болса, жеке басты куәландыратын, тегінің, атының, әкесінің атының ауысқанын растайтын құжаттар туралы, сондай-ақ, бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Бұл үшін көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу 2008 жылдан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген болса, жеке басты куәландыратын, тегінің, атының, әкесінің атының ауысқанын растайтын құжаттар туралы, сондай-ақ, бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Бұл үшін көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу 2008 жылдан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген болса, жеке басты куәландыратын, тегінің, атының, әкесінің атының ауысқанын растайтын құжаттар туралы, сондай-ақ, бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Бұл үшін көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу 2008 жылдан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген болса, жеке басты куәландыратын, тегінің, атының, әкесінің атының ауысқанын растайтын құжаттар туралы, сондай-ақ, бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Бұл үшін көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Шет аудандық сотының баспасөз қызметі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК -
ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ұлттық сот төрелігі жүйесіне ерекше назар аударады, азаматтар, кәсіпкерлер және инвесторлар судьялардың бейтарап, әділ шешім шығаратын сенімге ие болу қажеттігін атап өтті.

Қазіргі уақытта сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту қажеттігін, жаңа кәсіби білікті кадрларды сот төрелігін жүзеге асыруға тарту, жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізілуде.

Сот төрелігінің халықтың соттарға деген сенімін арттырып, орнықтыру - басты мақсат.

Осы мақсатты жүзеге асырудың бір маңызды тетігі 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енген Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі - Кодекс) болып табылады. Кодекс өз кезегінде әкімшілік рәсімдерді және әкімшілік сот ісін жүргізу бөліктерінен тұрады.

Әкімшілік әділет жүйесінің басты мақсаты жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу болып табылады.

Бүгінгі күні әкімшілік әділет құрылымы күрделі өзгерістер алдында тұр. Енді заңдармен реттелген қатынастар «Әкімшілік рәсімдік-процестік» кодексімен қаралуда. Адамдарға қолайлы болу үшін жоғарғы тұрған органға шағымды төменгі тұрған орган арқылы берудің жеңілдетілген тәрізін енгізілген. Яғни, әкімшілік орган шағым түскен күннен бастап 3 күн мерзім ішінде өзінің қателігін жөндеп, істі жоғарғы тұрған органға жолдамай-ақ әкімшілік рәсімге қатысушы үшін қолайлы акт қабылдауға құқылы. Бұл адамдардың бұзылған құқығын жылдам қалпына келтіріп, уақытын үнемдейді.

Мемлекеттік органның шешімімен келіспеген азаматтар осы сотқа талап арызбен жүгіне алады. Мемлекеттік орган сотта өз шешімінің, әрекетінің немесе әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеуге тиіс. Сот бұл дәлелдерден бөлек қосымша мәліметтер сұратып, дәлелдемелер жинауға құқылы. Яғни, бұрын судья алдындағы іс материалдары мен дәлелде-

мелерге ғана сүйенсе, енді әділетті шешім шығару үшін белсенді бола түседі. Жаңа әкімшілік сот өз шешімдерінің орындалуын қатаң бақылауда ұстайды. Айталық, жауапкерден сот шешімін орындауға процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде ақша өндіріп алу көзделген, ол сот шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қолданылуы мүмкін. Жауапкер сот шешімін орындамаған жағдайда, ол жеке, лауазымды, заңды тұлға болсын немесе оның өкілі болса да, мөлшері 50-ден 100 АЕК-ке дейінгі сомада айыппұл төлеуге мәжбүр болады. Заңның мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыра түсетіні осыдан белгілі екендігін түсінуге болады. Кодекс сот шешімін орындауды бақылау құзыретін жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жүктеген, бұл әрине осы маңызды саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын күшейтеді.

Еліміздегі әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі сот жүйесіндегі ашықтық пен жариялылықтың жүзеге асуына жол ашады.

Азаматтардың құқықтарының қорғалып, сот істерінің әділ жүргізілуіне септігін тигізеді. Нәтижесінде әкімшілік сот ісін жүргізудің ақығы қонымды уақыты, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу қағидаты жан-жақты қарастырылған. Ең басты қағидаттардың бірі-әкімшілік істерді жүргізуде соттың белсенді рөл атқаруы қажет екендігі көрсетілген. Судьяның, сотқа түскен материалдарды толық зерттеп, қажет болған жағдайда қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинап, болашақта қандай шешімге келетіндігін тараптарға түсіндіріп, өз ойымен бөлісіп, әділ және объективті шешім шығаруға жан-жақты ат салысып, құқықтары бұзылған азаматтардың құқықтарын қорғауда жан жақты қолдау көрсетеді, болашақта қоғамның сотқа деген сенімін нығайтатындығы сөзсіз.

Әкімшілік әділет салада сот төрелігін жүзеге асыру үшін қазіргі таңда Жоғарғы Сот Кеңесі жаңадан кәсіби білікті кадрларды ірктеу жұмысын жүргізуде және мемлекет пен қоғам тарапынан әкімшілік әділет жүйесінен күтетін үміті зор.

Шет аудандық сотының баспасөз қызметі.

БИОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ
КӘСІБИ МАССАЖ

ТЕЛЕФОН:
8 71031 21272 немесе 8 7082351902, 8 7789249192

БЭМ - бұл биоэнергетикалық массаж адам бойындағы биоэнергетикалық белсенді нүктелер мен меридиандарды ашып, адам ағзасындағы қан айналу системасын қалпына келтіре

отырып, қанның қоюлануына, қан қысымының жоғарылауына, инсульт, инфаркт, қант диабеті, онкологиялық ісіктеріне жол бермеуге бағытталған алдыңғы қатарлы, жоғарғы технологиялық аппарат.

Бұл аппараттың көмегімен алған 45 минуттық массаж, 1-1,5 сағаттық 10 рет қолмен жасаған массажды және туйна, гуаша, отпен, инемен, банка қою (комплекті) алмастырады.

Сонымен қатар, адам ағзасындағы қан айналу, лимфа, ішек құрылысы системаларының қызметін токсин мен шлактардан тазартып, созылмалы бауыр, бүйрек, жүрек, химия терапия алған онкологиялық науқастардың қалпына келуіне орасан көмегі зор.

Мекен-жайы:
Ақсу-Аюлы ауылы,
Шортанбай жырау көшесі,
73.
Телефон: 8 71031 21272
немесе 8 708 235 19 02, 8
778 924 91 92



Редактор Салтанат Тұяқбайқы ЖОСАЛБАЙ

Құрылтайшысы және меншік иесі: ЖК Садуақасов М.Д. Редакция мекен-жайы: Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Тараымы 1000 дана. Газеттің басылу сапасына "Арқо" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03 Эл. пошта: Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРҚО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Бухгалтерия тел. 79-0-81

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2019 жылы қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17436-Г куәлігі берілген.